

**А.Қ. Таусоғарова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

## ДАУЛЫ МӘТІНДЕГІ ДЕРЕК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕНІҢ ЛИНГВОСАРАПТАМАСЫ

Тілдің қоғам өмірінің түрлі салаларындағы қызметі, қолданысы барысында құқық бұзушылыққа жол беру жағдайлары кездеседі. Бұл тұрғыдағы мәселелер тіл білімі мен заң салалары тоғысында қарастырылып, теориялық және әдістемелік жағынан зерттеулерді қажет етеді. Осыған байланысты мақалада тұлғаның ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру туралы сот ісі бойынша даулы мәтіннің лингвистикалық сараптамасы барысында туындайтын сұрақтар және оларды шешу жолдары қарастырылады.

Дерек туралы мәлімдеменің субъективті бағаны және объективті деректі білдіру мүмкіндіктері және оларды өзара ажыратудағы семантикалық талдаудың орны сарапшы-мамандар назарына ұсынылады. Даулы мәтіннен сот ісінде маңызды болып табылатын шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын дерек туралы мәлімдемені анықтау өлшемдері талданылады. Эксплицитті және имплицитті тілдік бірліктер семантикасында шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметтің қамтылу сипаты дерек туралы мәлімдеменің басты белгілерінің бірі ретінде көрсетіледі. Дерек (факт) және деректік сипаты бар фактоидтарды өзара ажырату арқылы шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметті анықтау мүмкіндігі нақты мысалдар негізінде талданылады. Сонымен қатар сөйлем, сөйленіс, сөйлеу актілерінің шынайылық мәніс анықталатын бөлігі туралы пропозиция теориясы ғылыми қағидаларының сот-лингвистикалық сараптамадағы маңызы көрсетіледі.

Мақала сот-лингвистикалық сараптама саласы мамандарына арналады.

**Түйін сөздер.** Лингвосараптама, дерек туралы мәлімдеме, жағымсыз мәлімет, сөйлемнің пропозициясы, имплицитті және эксплицитті тілдік бірліктер, семантикалық талдау, грамматикалық маркерлердің рөлі

A.K. Taussogarova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

### Linguistic expertise assertion of fact in controversial texts

There are cases of committing offenses in the course of the activity, use of the language in various spheres of society's life. Problems in this regard are considered at the intersection of linguistics and law, and require theoretical and methodological research. In view of this, the article considers issues that arise in the course of linguistic expertise of the controversial text in a lawsuit for damage to the honor, dignity and business reputation of a person and ways to resolve them.

The subjective assessment of the data statement and the possibility of expressing the objective data and the role of semantic analysis in their differentiation are presented to the attention of experts. Consequently, the role of grammatical markers of subjective modality and the possibilities of semantic analysis in determining information that can be verified for compliance with reality are analyzed.

In the semantics of explicit and implicit language units, the nature of the content of information that can be checked for compliance with reality is indicated as one of the main features of the data statement.

The possibility of identifying data that can be inspected for compliance with reality by mutually distinguishing data (fact) and factoids of a factual nature is analyzed on the basis of specific examples. It also indicates the significance in the forensic linguistic expertise of the scientific provisions of the proposition theory in the part in which the subject of the truth of a sentence, utterance, speech acts is determined.

The article is devoted to specialists in the field of forensic linguistic expertise.

**Key words.** Linguistic expertise of negative information, assertion of fact, propositions in a sentence, explicit and implicit language units, semantic analysis, the role of grammatical markers.

А.К. Таусогарова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: ayauzhan1971@gmail.com

### Лингвоэкспертиза утверждения о факте в спорных текстах

В процессе использования и функционирования языка в различных сферах общественной жизни могут возникнуть речевые конфликты (правонарушения). Вопросы в этой области рассматриваются на стыке лингвистики и права и требуют теоретических и методологических исследований. В связи с этим в статье рассматриваются пути решения вопросов, возникающих в ходе судебной лингвистической экспертизы спорного текста по делам о защите чести, достоинства и деловой репутации лица.

Вниманию экспертов и специалистов предлагается рассмотрение разграничения субъективных и объективных значений, составляющих содержание утверждения о факте в спорном тексте. В связи с этим анализируются роль грамматических маркеров субъективной модальности и возможности семантического анализа при определении сведений, которые могут быть проверены на соответствие действительности.

В семантике эксплицитных и имплицитных языковых единиц одним из главных признаков утверждения о фактах указывается характер охвата информации, подлежащей проверке на соответствие действительности.

На основе конкретных примеров анализируется возможность определения сведений, которые могут быть проверены на соответствие действительности путем различения фактов и фактоидов, имеющих фактологический характер. Также указывается значение в судебно-лингвистической экспертизе научных положений теории пропозиции в части, в которой определяется предмет истинности предложения, высказывания, речевых актов.

Статья посвящена специалистам в области судебно-лингвистической экспертизы.

**Ключевые слова:** Лингвоэкспертиза негативных сведений, утверждение о факте, пропозиций в предложении, эксплицитные и имплицитные языковые единицы, семантический анализ, роль грамматических маркеров.

## Кіріспе

Бүгінгі күні БАҚ жарияланымдарында жеке тұлғаның ар-намысына, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіретін жағымсыз мәліметтердің таратылуы бойынша қозғалған сот істерінде лингвист-мамандардың сарапшы ретінде даулы материалға лингвистикалық зерттеу жүргізу барысы тілдің ерекше феномен екеніне көз жеткізеді. Бұл, әсіресе, сот ісінде маңызды орын алатын шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын жағымсыз мәліметті анықтау барысында көрініс береді. Осы тұрғыда лингвистикалық семантика саласындағы зерттеулер мен ғылыми концепциялар негізінде даулы мәтінге сот-лингвистикалық сараптама жүргізу әдістемесін қалыптастыру маңызды болып табылады. Өйткені нұқсан келтіретін мәлімет қамтылатын сөйлемге тән лингвистикалық белгілер мен өлшемдер анықталған жоқ. Бұл, өз кезегінде, лингвист-мамандардың даулы мәтін бойынша объективті сараптамалық қорытынды беруін қиындатады. Сонымен қатар юрислингвистика, сот-лингвистикалық сараптама пәндері қазақстандық ғылымдар контекстінде жас са-

лалар болғандықтан, қолданбалы сипаттағы зерттеулерді қажет етеді.

## Материал және әдістер

Сот-лингвистикалық сараптама пәнінің негізгі зерттеу нысаны даулы мәтіндер, тұлға туралы жағымсыз ақпараттар мен жағымсыз мәліметтер болып табылады. Бұл тұрғыда басым жағдайда масс-медиа құралдарында жарық көрген материалдардың қайсыбірі тұлғаның ар-намысына, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіретін жағымсыз мәліметтер көзі ретінде сот ісіне тартылып жатады. Баспасөздегі осындай даулы жарияланымдардан алынған үзінділер ғылыми мақалада лингвистикалық талдаудың материалы ретінде қарастырылады. Даулы мәтіннен дерек туралы мәлімдеме, шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәлімет, нұқсан келтіретін мәлімет қамтылатын сөйлемді анықтау үшін семантикалық талдаудың орны ерекше. Сол себепті мақалада тілдік бірліктің семантикалық құрылымын зерттеуде компоненттік талдаудың кейбір принциптері мен сөйлем пропозициясы теориясының зерттеу әдістері басшылыққа алынады.

## Әдебиетке шолу

Мақалада қарастырылатын мәселелердің түрлі аспектілері юрислингвистика, нақты айтқанда, сот-лингвистикалық сараптама саласы мамандарының зерттеу нысанында табылып келеді. Сондықтан *дерек туралы мәлімдеме* терминінің юрислингвистикалық түсініктерін, тұлғаның ар-намысына, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіретін жағымсыз мәліметтер қамтылатын сөйлемдерге тән лингвистикалық сипаттарды сараптауда отандық зерттеуші әрі сот-лингвистикалық сараптама саласы маманы Р.Д. Қарымсақованың, сондай-ақ Ю.А. Бельчиков, М.В. Горбаневский, И.В. Жарков, О.В. Кукушкина, С.В. Доронина, И.А. Стернин және т.б., С.А. Кузнецов, С.М. Олейников, Munirah, S. Apriyanto, M. Umiyati, P. Tiersma, L.M. Solan сияқты т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалды. Сонымен қатар жағымсыз ақпарат қамтылған сөйлемнің пропозициясына, сөйлемнің семантикалық талдауына қатысты Г. Фреге, Э. Аронсон, Е.В. Падучева, С. Гусаренко, Э.Д. Сулейменова еңбектеріндегі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынды.

## Нәтижелері және талқылыма.

Тіл және заң тоғысындағы юрислингвистика ғылымы саласындағы зерттеулерде жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына, іскерлік беделіне кір келтіретін жағымсыз мәліметтерге тән лингвистикалық белгілер мына түрде көрсетіледі: 1) тұлға немесе мекеме, ұйым туралы жағымсыз мәліметтің хабарлануы; 2) сол жағымсыз мәліметтің нақты тұлғаға я мекеме-ұйымға қатыстылығы; 3) жағымсыз мәліметтердің деректік сипаты (шындыққа сәйкестігі тексеріле алатыны, нақты болғаны); 4) сол жағымсыз мәліметтердің нұқсан келтіру сипаты, яғни тұлға тарапынан іс жүзіндегі заң немесе мораль қағидаларының бұзылғанын тілдік формада көрсету; 5) даулы мәтіннің ақпараттық сипаты, мәтін авторының ақпараттық мақсаты (Стернин және т.б., 2013: 80). Және осы көрсетілген белгілер негізінде лингвист-маман немесе филолог-сарапшы шешіміне қойылатын басты сұрақтардың бірі – «Зерттеуге ұсынылған материалда (даулы мәтінде) Х тұлғаға қатысты жағымсыз мәліметтер бар ма? Бар болса, олар қандай формаларда берілген: *дерек туралы мәлімдеме*, баға немесе пікір?». Бұл сұрақтағы *дерек туралы мәлімдеме* де-

ген юрислингвистика саласы терминінің өзін екі ыңғайда қарастыруға болады: біріншіден, осы терминнің құрамындағы *мәлімдеме* сөзіне қарағанда ақпараттың формасы назарға алынуы тиіс, яғни қандай да бір құбылыс, әрекет туралы, оның нақты болғанын растайтын хабарлама (негізінен хабарлы сөйлем), «Мәлімдеме белгілі бір оқиға туралы ауызша немесе жазбаша хабарлама» <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108728&lang=kk>; екіншіден, осы терминнің құрамындағы *дерек* сөзіне қарағанда ақпарат семантикалық жағынан қарастырылуы тиіс, яғни заңгерлік тұрғыдан шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын (верификация) мәлімет назарға алынуы керек. Қарастырылып отырған терминнің нақ осы екіжақтылығы даулы мәтінге лингвистикалық талдау жүргізу барысында маман я сарапшыға қиындықтар туғызуы мүмкін. Қайсыбір фразалар формасы жағынан дерек туралы мәлімдеме болғанымен, семантикалық жағынан шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректі білдірмеуі мүмкін. Мысалы, *Құрметсіз Х, Надан әкім, Жемқор әкім* фразалары атрибуттық (анықтауыштық) қатынаста бағаны білдіреді және сол уақытта олар – кесімді формада айтылған дерек туралы мәлімдеме. Алайда бұл сот тарапынан маман шешіміне қойылған сұрақтың толық берілген жауабы ретінде қабылданбайды. Өйткені сот ісі үшін бағалау модальдығына құрылған осы фразалардың мазмұнындағы деректі, яғни шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын және кір келтіретін (нұқсан келтіретін) мәліметтің қамтылған / қамтылмағанының анықталуы маңызды болып табылады. Бұл туралы мына ғылыми деректерді алға тартамыз: «Сотты мәліметтің берілу тәсілі (формасы) емес, мәлімдеменің нақты типі қызықтырады» (Кукушкина, 2016: 134), «Сот ісі үшін маңызды болып табылатын жағдайлар; айыпталушы тарапынан талапкер туралы кір келтіретін (нұқсан келтіретін) мәліметтердің таратылуы және оның шындыққа сәйкестігі» (Бельчиков және т.б., 2010: 136).

Бұл тұрғыда кір келтіретін (нұқсан келтіретін) мәлімет ұғымына ҚР заңнамасында мынандай түсініктеме беріледі: «Қоғам немесе жеке азаматтардың заңдарды сақтау, моральдық принциптерді орындау туралы көзқарастары бойынша ұйымдар мен азаматтар жөніндегі шындыққа жатпайтын мәліметтер олардың ар-намысына және абыройына кір келтіретін мәліметтер деп есептелінеді (мәселен, арамдық

істерді, семьяда, еңбек ұжымында тәртіпсіздік жасады деген, мекеме жөнінде өндіріс-шаруашылық жұмысына нұқсан келтіретін мәліметтер)». [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_)

Осы заңнамалық қаулыға сәйкес, лингвистикалық сараптама барысында «заңдарды сақтау, моральдық принциптерді орындау» тұрғысынан шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын дерек туралы жағымсыз мәлімдеме формасындағы мәліметтер зерттеледі. Ал *құрметсіз Х немесе Х – құрметсіз адам, Ол – надан әкім, А.қаласының әкімі – жемқор немесе жемқор әкім* фразаларын тек формасы бойынша талдау жасасак, олардың шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметті білдіретіні / білдірмейтіні анықтала алмайды. Мысалға алынған фразалар формасы жағынан сын-сапаны білдіретін атрибуттық қатынасқа құрылған және дерек туралы кесімді мәлімдеме формасында ақпаратты білдіреді (күман, болжам модальдығын білдіретін грамматикалық я лексикалық маркерлері жоқ). Сондықтан ар-намыс, абырой және іскерлік беделге нұқсан келтіру ісі бойынша даулы мәтінге лингвистикалық зерттеу кезінде синтаксистік конструкцияларға семантикалық талдау жүргізу маңызды орын алады. *Х тұлғаға қатысты айтылған сыйлы, қастерлі, қадірлі* сөздерінің мағынасына қарама-қарсы жағымсыз мағынадағы «Құрметсіз», «құрметтен жүрдай болған» фразасының семантикасында *Х* тарапынан іс жүзіндегі заң қағидаларының бұзылғаны я қоғамдағы мораль нормаларына қайшы қандай да бір әрекетті жасағаны туралы мәлімет қамтылмаған. *Надан* сөзінің білдіретін мағыналарының нақты белгіленген өлшем безбені (шкаласы) жоқ. Әркімнің түсінігінде бұл сөз әртүрлі қырынан түсінілуі мүмкін. Мысалы, даулы мақала авторы «*ел тарихын білмейтін, дінін құрметтемейтін, халқымен тіл табыса алмайтын, сіз-біз деп сыйласуды білмей, айқайлай беретін адамды (әкімді)*» *надан* деп түсінетінін білдірген. Мұнда *Х* тұлғаға қатысты қолданылған «надан» жағымсыз ақпараты нақты болған деректің негізінде айтылған. Және *менің ойымша, меніңше* сияқты пікірді білдіретін грамматикалық маркерлер жоқ болса да *құрметсіз Х, надан әкім, жемқор әкім* фразалары субъектінің объекті туралы бағалау модальдығын білдіретін пікірі де бола алады. Осы тұрғыдан *құрметсіз Х, надан әкім* фразалары адамның қайсыбір жеке қасиеттеріне қарай берілген субъективті баға я пікір болғанымен, олардың дерек негізінде (тұлғалардың бойын-

дағы жағымсыз қасиеттер негізінде) айтылғанын, яғни дерек туралы мәлімдеме екенін үзілді-кесілді түрде жоққа шығара алмаймыз. Тек *құрметсіз, надан* сөздерінің семантикасынан сот ісі үшін маңызды заңға я моральға қайшы әрекет туралы шындыққа сәйкестігі тексерілетін (верфикация) деректі мәлімет анықтала алмайды, сол уақытта *жемқор* сөзінің семантикасында заңдық тұрғыдан айыпталатын қайсыбір әрекеттің жасалғаны имплицитті (жасырын) қамтылған. Өйткені бірнеше қылмыстық іс-әрекеттің жалпы атауы болып табылатын *жемқор* сөзі «жеке пайда тұрғысынан көрсеткен қызметі үшін пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық талан-таражыға салу» болса («Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия, 1998), ал «Сыбайлас жемқорлық» сөзінің (латын тілінен «согрер») көптеген мағынасы бар: бүлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, притон, құбылмалылық, істі бұзу, күйреуге әкелу, бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау, «согрере» көп мағыналы (бұзу, қирату, заңнан аттап өту, шартты бұзу) етістігімен қатар қолданылатын «со» қосымшасы сыбайлас жемқорлық – бұл бірнеше субъектілердің қатысуымен іс-қимыл жасау екенін көрсетеді» (Абдрасилов, 2016: 32). Сонда қандай да бір болған оқиғаның негізінде айтылғандықтан, қарастырылып отырған үш фраза да – *құрметсіз Х немесе Х – құрметсіз адам, Ол – надан әкім, А.қаласының әкімі – жемқор немесе жемқор әкім* – дерек туралы мәлімдеме болып та табыла алады. Тек олардың сот ісі шешіміндегі маңыздылығы бірдей емес. Бұл *дерек туралы мәлімдеме* ұғымының лингвоюристикалық тұрғыдағы түсініктері мен оған тән өлшем-белгілерін анықтап, нақтылауды қажет етеді.

Жоғарыда көрсетілгендей, сот ісі шешімі үшін даулы мәтіндегі кез келген дерек туралы мәлімет емес, *талапкер тұлғаның ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне кір келтіретін, яғни заңға немесе қоғамдық моральға қайшы әрекеттің жасалғаны туралы мәлімет* қамтылған және оның шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын дерек туралы мәліметтер маңызды. Осы заңгерлік өлшем сәйкестігінде қарастырылған *А.қаласының әкімі – жемқор немесе Х – жемқор әкім* фразасының мазмұнында әлі де шындыққа сәйкестігі тексерілетіндей деректі әрекет туралы нақты мәлімет айтылмаған.

Салыстырыңыз: *X* – қылмыскер немесе *X* қылмыс жасады фразаларының жалпы семантикасынан *X*-тің заңмен айыпталатын қандай да бір әрекетті жасағаны белгілі болғанымен, оның қылмыстың нақты қай түрін жасағаны туралы деректі білдірмейді. Қылмыскер, жемқор сияқты имплицитті тілдік бірліктер *X*-тің мәтіннің мағыналық бөліктерінде баяндалған жағымсыз іс-әрекеті негізінде берілген баға іспеттес. Сондықтан жемқор немесе қылмыскер (*X* қылмыс жасады) сияқты бірнеше әрекеттің жалпы атауы қатысқан имплицитті синтаксистік конструкциялар басым жағдайларда автордың бағасын, жеке пайымдауын білдіру қызметін атқарады деуге болады. Сот-лингвистикалық зерттеу барысындағы бұл сияқты фразалар туралы О.В. Кукушкина дәл анықтама береді: «Негативные высказывания содержат, «распространяют» информацию сразу двух типов: (а) фактологическую: ‘имело место нечто’; (б) квалифицирующую, оценочную: ‘я оцениваю, квалифицирую это нечто как нарушение, преступление, нехороший поступок и т.п.’» (Кукушкина, 2016: 137).

Даулы мәтіндердегі *X*-ке қатысты айтылған фразалар семантикасында дерек туралы мәліметтің қамтылу деңгейін анықтау үшін жүргізілетін лексика-семантикалық талдауда ескерілуі керек: 1) фраза құрамындағы лексикалық бірліктің эксплицитті және имплицитті сипаттары. Мұндағы бір-біріне қарама-қайшы құбылыстарды білдіретін эксплицитті термині «[< лат. explicite – айқын, ашық] – лог. сырттай көрініс беретін, айқын, ашық білдірілген» деп анықталса, «имплицитті [< лат. implicite қоса алғанда, соның ішінде] лог. түрде ішінде қамтылған, сырттай көрініс бермейтін, тек тұспалданатын; тікелей айтылмаған, жасырын, айқын емес» деген мағынада түсіндіріледі. ([https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_fwwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99))

Жоғарыда қарастырылған жемқор, қылмыскер имплицитті сөздерінің мазмұнында тікелей айтылмаған заңсыз әрекеттер дерегі контекстен анықталуы мүмкін. Мысалы, «*X* пара алды» эксплицитті фразасы шындыққа сәйкестігін тексеруге келетін деректі мәліметті қамтиды;

2) фраза құрамындағы лексикалық бірлік семантикасындағы деректілік немесе дерексіздік мәндер сипаты да ескерілуі керек. Мұндағы дерексіздік мәні *X*-тің бойына тән ма-

териалды емес жеке қасиеттері туралы мәліметтер тұрғысынан түсіндіріледі, мысалы, *надан* немесе *ақылсыз, құрметсіз, суайт т.б.* Тұлғаның жеке басына, бойына тән бұл сияқты қасиеттердің, әдетте, қоғамда қалыптасқан біркелкі шектеулі, нақты өлшемдері болмайды, сондықтан түрлі субъектілердің бұл ұғымдар туралы түсініктері де біркелкі емес. Және бастысы, тұлғаның жоғарыда көрсетілгендей жеке қасиеттеріне байланысты жағымсыз мәлімдеме тек автордың субъективті пікірі я бағасы ретінде қарастырылады: «*В отличие от утверждений о фактах, субъективные суждения отражают не реальный мир, а состояние сознания говорящего или персонажа*» (Доронина, 2012: 67). Сөйтіп, адам бойындағы жағымсыз қасиеттері туралы фразалар дерекке негізделіп айтылған пікір немесе баға қамтылған мәлімдеме болса да, өз семантикасында қоғамдық мораль қағидаларын я заңды бұзғаны туралы деректі білдірмейді. Фраза құрамындағы деректілік *X*-тің жасаған нақты жағымсыз әрекеті туралы мәліметтер тұрғысынан түсіндіріледі.

**1-сызба** – Дерек туралы мәлімдеменің семантикалық белгілері

1. Баға	<b>X – жемқор Имплицитті</b>	2. Дерек туралы мәлімдеме Шындыққа сәйкестігі тексеріле алмайтын мәлімет
	<b>X пара алды Эксплицитті</b>	Дерек туралы мәлімдеме Шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәлімет

Юрислингвистикада «хабар-ошар, мағлұмат, факт, дерек, шынайы жағдай» деген түсініктеріне сәйкес қарастырылатын дерек туралы мәлімдеме оқиғаның нақты болғанын растайды және олар басым жағдайда етістіктің өткен шақ категориясының грамматикалық маркерлерінің қатысуымен хабарлы сөйлем формасында беріледі деп түсініледі (<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=129710&lang=kk>.)

Алайда ҚР АҚ 143-бабына сәйкес «Жеке тұлғаның ар-намысы, абыройы мен іскерлік беделіне нұқсан келтіру» тұрғысынан сот ісі қозғалатын конфликтогенді мәтіндердегі оқиғаның болғанын растайтын хабарлы формадағы сөйлемдер семантикасы жағынан *X* тұлғаға қатысты алғанда шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректерді қамтымауы да мүмкін. Мысалы, «Бұл біреу ғана. .. Біздің елімізде тек қана бұл емес, қаншама осындай («Алматы ВДС» ЖШС сияқты) компаниялар әртүрлі заңсыз

әрекетте жүріп, қитұрқы жолдармен халықты тонауда, халықтың қалтасын қағуда» (Тоқтасын, 2021) хабарлы сөйлемі көптеген компанияларға қатысты жалпылама айтылған. Автор «Бұл біреуі ғана» деп «Алматы ВДС» ЖШС компаниясын солардың – «әртүрлі заңсыз әрекетте жүріп, қитұрқы жолдармен халықты тонайтын, халықтың қалтасын қағатын» компаниялардың қатарында көрсетеді.

Автордың «қаншама осындай әртүрлі заңсыз әрекетте жүріп, қитұрқы жолдармен халықты тонауда, халықтың қалтасын қағуда» сөздері имплицитті (жасырын), яғни нақты бір болған деректі алға тартпайды, нақты түрде болған іс-әрекетті, оқиғаны ашық түрде атап я көрсетіп тұрған жоқ. Көптеген компаниялардың әрекеттерін жалпылама сипаттап тұр.

**Тонау** сөзі қимыл етістігі ретінде *талау, зорлық қылып тартып алу* сияқты әрекеттердің жалпы атауы.

Қарастырылып отырған контексте «халықты тонау» тіркесі *қитұрқы жолмен* деген анықтауыштық тіркесімен қатынаста тұрып, әрекеттің физикалық, яғни күш көрсету арқылы емес, түрлі алдау амалдарымен жүзеге асырылатын әрекетті білдіреді. Автор түрлі заңсыз жолдармен халықтың ақшасын иемдену әрекетін «тонау» ретінде бағалайды. Сондықтан *тонау* сөзінде авторлық модальдық мәні қамтылған деуімізге болады. Дегенмен барыс септігінде тұрған *тонау+да, қағу+да* қимыл етістіктері созылмалы іс-әрекетті білдіріп, оқиғаның нақты болғанын, әлі болып жатқанын растайды. Және, шындығында, мәтінде көрсетілгендей заңсыз әрекет ететін компаниялардың бар екені де жоққа шығарылмайды. Сол уақытта Х тұлғаға, мысалы, жоғарыдағы мәтін үзіндісінде «Алматы ВДС» ЖШС компаниясы туралы сот ісінде маңызды болып табылатын шындыққа сәйкестігі тексерілетін деректі мәліметтер берілмеген. Сондықтан сот-лингвистикалық сараптама үдерісінде жалпылама дерекке құрылған және нақты деректің өзі емес, деректік сипаты бар, шығайылығы күманды мәлімдеме мен нақты жеке немесе заңды тұлғаның шындыққа сәйкестігі тексерілетін деректі әрекеті туралы мәлімдеме зерттеушілер тарапынан өзара ажыратылады. Осы тұрғыда ресейлік сарапшы-мамандар, зерттеушілер факт және фактоид терминдеріне анықтама береді: «Фактоид – жалпылама деректер қамтылатын мәлімдеме»

(Кузнецов, Олейников, 2014: 219). Мұнда шынайылығы тексерілмейтін жалпылама деректер деп қоғамда, өмірде орын алған бірнеше оқиға я көптеген жағдайлар жиынтығындағы мәліметтерді түсінуіміз керек. Мұндай фактологиялық (деректік сипаты бар және нақты дерек) мәліметтер сөйленіс құрамынан баға, пікір, болжам, күман сияқты субъективті-модальдық компоненттерді ажырату нәтижесінде анықталатынын Р.Д. Қарымсақова атап көрсетеді (Қарымсақова, 2007: 104). С.А. Кузнецов жалпылама деректерді фактоидтер қатарында қарастырып, олардың жартылай шынайы мәліметтерді қамтитынын, бұл тұрғыда объективті де, субъективті де элементтер орын алатынын көрсетеді. Және факт деп тек жеке оқиға, нақты тұлғаға қатысты деректі анықтайды: «деректің көрсеткіштері – бұл предикаттық белгілері сияқты анық-айқын субъект және объект актанттары бар жеке жағдай», «оқиға туралы мәлімдеме нақты бір нысанға немесе сандық жағынан шектеулі нысандарға қатысты болған жағдайда ғана дерек туралы мәлімдеме бола алады, ал бұл тұрғыда фактоидтер нақтылықтан ада, үнемі эмпирикалық жалпыланған мәліметті қамтиды» (Кузнецов, Олейников, 2014: 219).

Жалпылама дерек туралы мәлімдеме (фактоид) мен нақты дерек туралы мәлімдеменің (факт) жоғарыдағы зерттеушілердің тұжырымдарында көрсетілген белгілерін мына мысал барысында қарастырып көрейік: «*Біз неден аздық, неден тоздық? Ұрысы көп елдің – иесі өледі деп бекер айтпаса керек. Біздің иеміз де, киеміз де Қазақстан. Ал Х. сияқты жемқорлар бірігіп, сол Қазақстанды тонауда, өлтіруде*» (А. Дүйсебаева «С. Майғазиев Шымкентте қанша ақша тонады? Шенеунік болған әншіні сойып салды» бейнежазбасы: <https://youtu.be/FBfqyyd4QDk>).

Асты сызылған фраздағы дерек немесе оқиға компоненттері: *тонауда, өлтіруде* – формалды предикаттар, объект – Қазақстан, субъект – альтернативті, яғни бірнеше жалпылама аталған ‘белгісіз жемқорлар’ және Х. Жалпы Қазақстандағы жемқорлық жағдайлары көпшілікке ақиқат болғанымен, альтернативті субъектілердің нақты жемқорлық дерегі көрсетілмеген. Сонымен қатар **Ал** қарсылықты шылауы мен «Қазақстанды тонауда, өлтіруде» фразасы «Х сияқты жемқорлар» тіркесінің Қазақстанның дамуына кері жағдайдың бір мысалы ретіндегі қолданысын білдіреді. Сондай-ақ,

мәнмәтінде жанды нәрсеге қатысты айтылатын «өлтiру» етiстiгiнiң нысаны – Қазақстан, оның бұл метафоралық сипаты елде жемқорлықтың ақиқат жағдай екенiн көрсеткенiмен, нақты бiр субъектi тарапынан орын алған жемқорлық дерегi туралы мәлiмдеменi жоққа шығарады, сондықтан фактоид мазмұнынан шындыққа сәйкестiгiн тексеруге келетiн мағыналық бөлiктi анықтау мүмкiн болмай қалады. Қоғамдағы жағымсыз құбылыс – ‘жемқорлық’ жағдайы шындық болғанымен, оның нақты дерегiнiң көрсетiлмеуi, яғни шындыққа сәйкестiгi тексерiле алатын мәлiметтiң берiлмеуi фактоидқа тән басты белгiлердiң бiрi болып табылады. Фактоидтардың бұл тұрғыдағы қызметi «әлеуметтiк шындықты алға тарту арқылы психологиялық қажеттiлiктi қанағаттандыру және орын алған жағымсыз жағдайды сараптау жолдарын нұсқау» (Аронсон, 2008; 189) тұрғысынан қарастырылады.

Сөйтiп, жалпылама деректердi қамтитын фактоидтердiң тұрақты белгiлерi қатарында альтернативтiлiк, имплициттiлiк сипаттарды қарастыруға болады деп ойлаймыз.

Сот-лингвистикалық сараптама нысанында қарастырылатын дерек туралы мәлiмдемеге тән басты белгiлердiң бiрi – айыпталатын iс-әрекеттiң нақты болғанының, болып аяқталғанының расталуы. Осы «аяқталғандық» белгiсiн О.В. Кукушина нұқсан келтiретiн мәлiметтi анықтауда өз тарапынан ұсынылатын «фактологиялық квадрат әдiсiнде» басшылыққа алынатын өлшемдердiң бiрi ретiнде көрсеткен: «Предлагаемый подход базируется на четырех критериях, поэтому его можно назвать методом фактологического квадрата. Этими критериями являются совершенность, верифицируемость, отсутствие альтернативы и побудительная («порочащая») цель (сокращенно «СВОП»)» (Кукушина, 2016: 137). Түрлi тiлдерде iс-әрекеттiң бұл қалпын бiлдiретiн негiзгi грамматикалық маркерлер қатарында етiстiктiң өткен шақ категориясының формалары көрсетiледi. Дегенмен сот-лингвистикалық сараптама тәжiрибесiнде етiстiктiң ауыспалы осы шақ категориясының өткен шақта болып кеткен iс-әрекеттi бiлдiру қызметiнде қолданылуы мамандарды ойға қалдырады. Мысалы: «Саясат – ақпарат» газетi «өлi материалдарды» интернеттен алып жариялайды. Болмаса бiреулердiң

мақалаларын алып, тақырыбын өзгертедi де жариялай салады».

Үзiндiдегi «Саясат – ақпарат» газетi «өлi материалдарды» интернеттен алып жариялай салады» сөйлемiнiң семантикасына қарағанда, аталған газеттiң әдетте материалдарды Интернеттен алатыны, яғни дағдылы түрде Интернеттен алып жариялайтыны көрсетiлген. Осы сөйлемдегi «алып жариялайды» күрделi етiстiгi ауыспалы осы шақ формасында (-а, -е, -й) қолданылған. Ауыспалы осы шақ контексте қарай iс-әрекеттiң сол уақытта, сол уақытқа дейiн және сол уақыттан кейiн де болғанын, болып жатқанын және болатынын да бiлдiре алады: «Действие, обозначаемое переносным настоящим временем (ауыспалы осы шақ) может происходить в момент речи, до и после него, а иногда может происходить безотносительно к моменту речи, не уточняя его» (Сулейменова, 2007: 102).

Сонымен қатар қарастырылып отырған үзiндiдегi «Болмаса бiреулердiң мақалаларын алып, тақырыбын өзгертедi де жариялай салады» сөйлемiнiң семантикасында аталған газетке «бiреулердiң мақалаларының тақырыбын өзгертiп, жариялай салу» дағдылы, қалыпты құбылыс ретiнде көрсетiлген. Бұл сөйлемде де газет тарапынан жүзеге асырылатын әрекеттi бiлдiретiн «өзгертедi де жариялай салады» етiстiктерi ауыспалы осы шақ формасында қолданылған. Ауыспалы осы шақ формаларының грамматикалық мағыналарына сәйкес «бiреулердiң мақалаларының тақырыбын өзгертiп, жариялай салу» әрекетi газет тарапынан осы уақытта, сол уақытқа дейiн және сол уақыттан кейiн де болғанын, болып жатқанын және болатынын да бiлдiредi. А. Батырбеков тарапынан газеттiң «өлi» материалдарды Интернеттен алып жариялайтыны, басқа бiреулердiң мақалаларының тақырыбын өзгертiп, жариялай салатыны» (Батырбеков, 2020) туралы жағымсыз ақпарат шындыққа сәйкестiгi тексерiле алатын деректi мәлiметке жатады.

Алайда өткен шақта болған әрекеттi бiлдiру қызметiнде қолданылған дәл осы ауыспалы осы шақ категориясының грамматикалық формалары қатысқан контекстен шындыққа сәйкестiгi тексерiле алатын деректi мәлiметтiң анықтала алмайтын жағдайлары да кездеседi. Салыстырыңыз:

1-кесте – Дерек туралы мәлімдеменің екі түрлі жағдайдағы мысалдары

Шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын дерек туралы мәлімдеме	Шындыққа сәйкестігі тексеріле алмайтын дерек туралы мәлімдеме
<p><i>1-Мысал:</i> «Алматы ВДС» деген компания, әрбір үйге, сосын дүкендерге кіріп, сауда орындарына кіріп, сіздерден «жылдық, годовой обслуживание, акті <i>толтырамыз</i>, жылына бір рет өтіп тұруларыңыз керек, жыл сайын өтіп <i>тұрАсыздар</i> деп, осылай ақша деп», ешқандай ешнәрсені тексерместен жоқ нәрсені бар деп <i>жазАды</i>, бәрі керемет деп <i>жазыП берЕді</i>, ешнәрсә <i>тексермейді</i>, ешнәрсә <i>жасап бермейді</i> сізге, бірақ сіздерден ақша <i>алыП кетЕді</i>»</p>	<p><i>2-Мысал:</i> «К. көп ұзамай өзіне үйреншікті кәсіпке ақырын кірісіп <i>кетЕді</i>. Әуелі бұрынғы бастықтың «артын қазғысы» келді. Бірақ ештеңе <i>таппайды</i>. Сосын ұжымдағыларды оның соңын қуалап арыз жазуға <i>үгіттеп көрЕді</i>. Алайда, мұнда да барқадар <i>таба алмайды</i>. Рас, оған келіскендер де <i>шығАды</i>. Мысалы, ... «бастықтың орынбасарының міндетін уақытша атқарушы» С. мұның айтағына бірден <i>көнЕді</i>. Алайда, ұжымның біраз мүшелері мұндай пасық тірлікке <i>қарсы болАды</i>, олар кеткен басшыдан еш залал көрмегендерін айтып, арызға қол қоюдан ада-күде <i>бас тартАды</i>. Бұл, әрине, ... «басшының міндетін атқарушыға» (К-ге) жаздыкүнгі жауған аязды қардай болып, сұмдық қатты <i>әсер етЕді</i>.</p>

Кестеде берілген сөйленістерден (сөйлеуші субъектінің ниеті, әрекетке байланысты ойы қамтылған) шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметті анықтауда грамматикалық маркерлердің негізгі рөл атқармайтынын көруге болады. Бұл тұрғыдағы мәселе шешімінде лингвистикалық семантика саласындағы сөйлем (сөйленіс, сөйлеу актісі) пропозициясы теориясының басшылыққа алынуы тиіс деп ойлаймыз. Пропозицияның түрлі зерттеушілер тарапынан мынандай анықтамалары көрсетіледі: «...П. сөйлемнің қайсыбір прагматикалық факторларға тәуелсіз және шынайылық мәнісімен тікелей байланысты мазмұны» (Фреге, 1977: 188), «Нақты сөйлеу жағдаятындағы анықталған ниеттегі актуалды сөйленіс пропозициясының басты қасиеттері ретінде оның шындыққа сәйкестілігі, референтке бағыттылығы көрініс береді» (Гусаренко: <https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa>)

Ал жоғарыдағы кестенің 2-бағанында берілген сөйленістердің пропозициясынан шынайылық мәнісімен тікелей байланысты мазмұнын анықтау қиынға түседі. Себебі бұл сөйленістердің семантикасы объективті әрекеттерден гөрі, сөйлеуші автордың субъективті көзқарасы туралы мәліметке құрылған. Қарастырылып отырған сөйленістегі «*кірісіп кетЕді; үгіттеп көрЕді; келіскендер де шығАды; С. бірден көнЕді; біразы қарсы болАды; бас тартАды. қатты әсер етЕді*» предикаттары әрекеттің нақты өзін емес, сөйлеуші субъектінің сол әрекет иелерінің еркін, ниеттеріне байланысты пайымын білдіреді.

«Пропозиция бұл расталуы немесе күман келтірілуі мүмкін бөлік, сондай-ақ ол өтініш, уәде, тілек, бұйрық нысаны болуы мүмкін» (Падучева, 2004: 36) деген тұжырым тұрғысынан қарастыратын болсақ, қарастырылып отырған мысалдағы пропозициялық бөлік – ‘арыз’. Алайда «арыз» дерегі, яғни оның объективті образы сөйленісте берілмеген. Өйткені бұл сөйленіс пропозициясына мына анықтама дәл келеді: «Пропозиция, бір жағынан, деректің шынайылық деңгейін сөйлеуші субъектінің пайымына қарай және екінші жағынан, адресаттың қабылдауына, пайымына қарай бейнелейді».

Енді сөйленістің пропозициясы (сөйленістің я сөйлемнің шындыққа сәйкестілігін білдіретін бөлігі) білдіруде грамматикалық маркерлердің рөлін қарастыратын болсақ, С.В. Гусаренконың мына ғылыми тұжырымы орынды деп есептейміз: «сөйленістің модальды-грамматикалық сипаты сөйлемнің предикативтілікнің құрамдас компоненті болса да, ол сөйленістің пропозиционалды құрылымын анықтамайды, басқаша айтқанда, субъектінің сол немесе басқа бір деректі сенімді түрде растап тұрғанын, күманданып тұрғанын т.б. нақты түрде білдіре алмайды. Қандай жағдай да болса, шындыққа сәйкестілік дерегі семантикалық құрылымда бейнеленеді» <https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa>.

Шынында да, «*кірісіп кетЕді; үгіттеп көрЕді; келіскендер де шығАды; С. бірден көнЕді; біразы қарсы болАды; бас тартАды. қатты әсер етЕді*» предикаттары қатысқан



сөйленістердің шындыққа сәйкестілік дерегін осы етістіктердің семантикалық құрылымын талдау негізінде анықтай аламыз.

Өткен шақта болған әрекетті білдіру қызметінде қолданылған ауыспалы осы шақ

грамматикалық формасындағы етістіктердің шындыққа сәйкестігі тексерілетін және шындыққа сәйкестігі тексеріле алмайтын мәліметтерді білдірудегі лингвистикалық ерекшеліктері төмендегі кесте талданылады.

**2-кесте** – Ауыспалы осы шақ грамматикалық формасындағы етістіктердің семантикалық айыпмашылықтарының анықталуы

р/с	Лингвистикалық сипаттары Предикаттар	Гр. Маркер	Контекстегі гр.мағынасы	Семантикалық сипаты	Пропозициясы	Нұқсан келтіретін мәліметті қамтуы
1	<i>кірісіп кетЕді; үгіттеп көрЕді; келіскендер де шығАды; С. бірден көнЕді; біразы қарсы болАды; бас тартАды. қатты әсер етЕді</i>	-а, -е, -й	Өткен шақта болған әрекетті білдіреді	Субъектінің әрекетке еріктік, құлықтық ықыласын білдіреді	Субъективті модальды мәндер	Қамтымайды
2	<i>бәрі керемет деп жазып берЕді, ешнәрсе тексермейді, ешнәрсе жасап бермейді, ақша альП кетЕді»</i>	-а, -е, -й	Өткен шақта болған әрекетті білдіреді	Субъектінің нақты әрекетін білдіреді	Объективті мәндер	Қамтиды

Жоғарыдағы 2-мысалдағы курсивпен көрсетілген ауыспалы осы шақ формасындағы етістіктер өткен шақта болып кеткен – ‘тұлғаның үстінен арыз ұйымдастыру’ әрекеті болғанын білдіреді. Қазақ тілінде ауыспалы осы шақтың бұл қызметі грамматикалық анықтағышта көрсетілген: «Контексте қарай ауыспалы осы шақ өткен шақ мағынасын білдіре алады» (Сулейменова, 2007: 102).

Алайда жоғарыдағы дерек туралы мәлімдемедегі асты сызылып көрсетілген ауыспалы осы шақ формасындағы етістіктер өткен шақта болып кеткен – ‘тұлғаның үстінен арыз ұйымдастыру’ әрекеті болғанын, оның нәтижесіз аяқталғанын білдіргенімен, контекст мазмұнының тұтастығында шындыққа сәйкестігі тексерілетін деректі мәлімет қамтылмаған. Бұл жағдайда грамматикалық маркерлердің контекстегі мағыналары мен қызметі ғана емес, болған іс-әрекеттің нәтижесін көрсететін, яғни сот ісі үшін маңызды шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын деректі объективті мәлімет контекстен ізделуі керек. Қарастырылып отырған үзіндіде болған әрекеттің объективті дерегі,

мысалы ‘жазылған арыз’ туралы мәлімет жоқ, үзіндінің мазмұнына қарағанда жағымсыз әрекет ауызша формада жүзеге асқан. Сондықтан өткен шақтағы әрекеттің аяқталғандығының бірден бір көрсеткіші тек грамматикалық маркерлер ғана емес, болған әрекеттің шындыққа сәйкестігін тексеретіндей объективті дерегін білдіретін мәлімет те маңызды орын алады.

### Қорытынды және тұжырымдама

Сөйтіп, даулы тілдік материалдан нұқсан келтіретін мәліметті анықтауда О.В. Кукушкина атаған жоғарыдағы негізгі белгілердің (әрекеттің нақты болып, аяқталғандығы; шындыққа сәйкестігі тексеріле алатын мәліметті білдіруі; альтернативтің болмауы) барлығының бірдей зерттеліп отырған сөйлеу нысанында бір уақытта болуы маңызды. Сонымен қатар сот ісінде маңызды болып табылатын шындыққа сәйкестігі тексерілетін мәліметті даулы мәтіннен анықтауда сөйлемнің (сөйленістің, сөйлеу актісінің) пропозициясы туралы теориялық тұжырымдар басшылыққа алынуы керек.

## Әдебиеттер

- Стернин И.А., Антонова Л.Г., Карпов Д.Л., Шаманова М.В. Основные понятия лингвокриминалистической экспертизы: справочное пособие. /Под науч. ред. проф. И.А.Стернина. – Ярославль, Изд-во «Канцлер», 2013. – 80 с.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі / – Алматы : Дайк-Пресс, 2008 . – 967 б. (Қазақ сөздіктері. – 9965-798-99-0(мұқ.) // <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1108728&lang=kk>
- Кукушкина О.В. Негативная информация: утверждение о факте или выражение мнения? // Теория и практика судебной экспертизы №3 (43) 2016. с. 132 – 144
- Бельчиков, Ю.А., Горбаневский М.В., Жарков И.В. Методические рекомендации по вопросам лингвистической экспертизы спорных текстов СМИ. Сборник материалов. – М.: ИПК «Информкнига», 2010. – 208 с.
- Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделділігін қорғау жөніндегі заңдылықты қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 1992 жылғы 18 желтоқсан N 6. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_)
- Қазақстан: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. ISBN 5-89800-123-9
- Абдрасилов Б. С. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: оқу құралы. –Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.
- Словарь иностранных слов русского языка [https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_fwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99)
- Доронина С.В. Факты и мнения: речевые средства выражения персуазивного модуса в публицистическом дискурсе с точки зрения лингвистической экспертизы // Журналистика и культура русской речи. – 2012. – № 3. – С. 62–82.
- Сәбікенов С., Сәбікенова Г. Заң терминдері мен ұғымдарының қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі = Казахско-русский, русско-казахский словарь юридических терминов и понятий [Мәтін] : 17000 жуық термин. – Алматы : Жеті жарғы, 2007 . – 688 б. <http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=129710&lang=kk>
- Тоқтасын Ы. «Алматыда кәсіпкерлерді қорқытып, заңсыз ақша жинап жүрген адам» тікелей эфирінің бейнематериалы (01.02.2021) // Facebook желісі, [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=771235986815832&id=100017883137903](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903)
- Кузнецов С.А., Олейников С.М. Экспертные исследования по делам о признании информационных материалов экстремистскими: теоретические основания и методическое руководство. – М.: Издательский дом В. Ема, 2014. – 312 с.
- Қарымсақова Р. Лингвистикалық қауіпсіздік // Жүз жағдай – жүз кеңес. Журналистерге көмек. – Алматы: Әділ сөз, 2007. – 208 б.
- Дүйсебаева А. С. Майғазиев Шымкентте қанша ақша тонады? Шенеунік болған әншіні сойып салды. <https://youtu.be/FBfquyd4QDk>
- Аронсон Э. Современные технологии влияния и убеждения. Эпоха пропаганды. – Прайм-Еврознак, 2008. – 543 с. – (Лучшие психотехнологии мира). – ISBN 978-5-93878-719-
- Сулейменова Ә.Д., Кадашева К.К., Аканова Д.К. Грамматикалық анықтағыш. – Астана: Арман-ПВ, 2007. – 240 б.
- Батырбеков А.М. Саясат – ақпарат» газетінің «крышасы» кім? [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=771235986815832&id=100017883137903](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903)
- Фреге Г. Смысл и денотат // Семиотика и информатика. 1977. Вып. 8. С. 181–210.
- Гусаренко С. В. Пропозиция как компонент актуального дискурса // Филологические науки <https://cyberleninka.ru/article/n/propozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa>
- Падучева Е. В. Высказывание и его соотносительность с действительностью (референциальные аспекты семантики местоимений). 4-е изд. М.: Едиториал, 2004. 288 с., с. 36.
- Munirah, Sigit Apriyanto. A Forensic Linguistic Point of View of Implicational Conversations in a Police Interrogation: A Review. Talent Development & Excellence. Vol.12, No. 1, 2020, 3370 – 3384.
- Mohsen Ghasemi Ariani, Fatemeh Sajedi, Mahin Sajedi. Forensic linguistics: A brief overview of the key elements. Procedia – Social and Behavioral Sciences 158 ( 2014 ) 222 – 225.
- Peter Tiersma, Lawrence M. Solan. The Linguist on the Witness Stand: Forensic Linguistics in American Courts. Language. Vol. 78, No. 2 (Jun., 2002), pp. 221-239.
- Umiyati, M. (2020). A Literature Review of Forensic Linguistics. IJFL (International Journal of Forensic Linguistics). 1(1). 23-29.

## References

- Abdrasilov B. S. (2016) Sybailas jemqorlyqqa qarsy мәдениет негіздері: оқу құралы. Astana: Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ janyndaғы Memlekettki basqaru akademiasy. – 176 b. [Fundamentals of Anti-Corruption Culture] (In Kazakh).
- Aronson E. (2008) Sovremennye tehnologii vlianiya i ubejdeniya. Epoha propagandy – Praim-Evroznak 543 p [Modern technologies of influence and persuasion. The era of propaganda] (In Russian).
- Batyrbekov A.M. (2020) Saiasat – aqparat» gazetiniñ «kryşasy» kim? [Who is the “roof” of the newspaper “Politics – Information”?] [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=771235986815832&id=100017883137903](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903) (In Kazakh)
- Bel’chikov YU.A., Gorbanevskii M.V., Jarkov I.V. (2010) Metodicheskie rekomendacii po voprosam lingvisticheskoi ekspertizy spornyh tekstov SMI. Sbornik materialov. – M.: IPK «Informkniга» – 208 p. [Methodological recommendations on the issues of linguistic expertise of controversial media texts] (In Russian).

Doronina S.V. (2012) Fakty i mneniya: rechevye sredstva vyrazeniya persuazivnogo modusa v publicisticheskom diskurse s tochkizreniya lingvisticheskoi ekspertizy. V jurnale: Jurnalistika i kul'tura russkoi rechi № 3. – S. 62–82 [ Facts and Opinions: Speech Means of Expressing Persuasive Mode in Publicistic Discourse from the Point of View of Linguistic Expertise] (In Russian).

Düisebaeva A. (2021) S. Maigaziev Şymkentte qanşa aqşa tonady? Şeneunik bolğan äñşını soıyp saldy» beinejazbasy [How much money did S. Maigaziev stole in Shymkent? The singer-turned-official received harsh criticism] <https://youtu.be/FBfqyy-d4QDk> (In Kazakh)

Frege G. (1977) Smysl i denotat. Semiotika i informatika.. Vyp. 8. S. 181–210. [Meaning and denotation] (In Russian).

Gusarenko S. V. Propoziciya kak komponent aktual'nogo diskursa. Filologicheskie nauki <https://cyberleninka.ru/article/n/pro-pozitsiya-kak-komponent-aktualnogo-diskursa/> [Proposition as a component of current discourse] (In Russian).

Kukushkina O.V. (2016) Negativnaya informaciya: utverjdenie o fakte ili vyrazenie mneniya? Teoriya i praktika sudebnoi ekspertizy №3 (43). s. 132 – 144 [Negative information: a statement of fact or an expression of an opinion?] (In Russian).

Kuznecov S.A., Oleinikov S.M. (2014) Ekspertnye issledovaniya po delam o priznanii informacionnyh materialov ekstremistskimi: teoreticheskie osnovaniya i metodicheskoe rukovodstvo. – M.: Izdatel'skii dom V. Ema. – 312 s. [Expert Research on Cases of Recognizing Information Materials as Extremist: Theoretical Foundations and Methodological Guidelines] (In Russian).

Paducheva E. V. (2004) Vyskazyvanie i ego sootnesennost' s deistvitel'nost'yu (referencial'nye aspekty semantiki mestoime-nii). 4-e izd. M.: Editorial. 288 s., s. 36 [Utterance and its correlation with reality (referential aspects of pronoun semantics)] (In Russian).

Qarymsaqova R. (2007) Lingvistikalıq qauıpsızdıq // Jüz jaǵdai – jüz keñes. Jurnalisterge kömek. – Almaty: Ädil söz. – 208 b. [Linguistic security] (In Kazakh).

Qazaq tılınıñ tüsındirme sözdıǵı (2008) 50 myńǵa juyq söz ben söz tırkesı – Almaty: Daik-Press. – 967.b – (Qazaq sözdikteri. – 9965-798-99-0(müq.)) [Explanatory dictionary of the Kazakh language] (In Kazakh).

Qazaqstan: Ülttyq ensklopedia (1998) Bas redaktor Ä. Nysanbaev – Almaty “Qazaq ensiklopediasy” Bas redaksiyası. ISBN 5-89800-123-9 [Kazakhstan: National Encyclopedia] (In Kazakh).

Säbikenov S., Säbikenova G. (2007) Zañ terminderi men üǵymdarynyñ qazaqşa-orysşa, orysşa-qazaqşa sözdıǵı [Mätın]: 17000 juyq termin. Almaty: Jeti jarǵy. – 688 b. [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh dictionary of legal terms and concepts] (In Kazakh).

Slovar' inostrannyh slov russkogo yazyka [Dictionary of foreign words of the Russian language] [https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic\\_fwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99](https://dic.academic.ru/dic.nsf/dic_fwords/17006/%D0%98%D0%9C%D0%9F%D0%9B%D0%98%D0%A6%D0%98%D0%A2%D0%9D%D0%AB%D0%99)

Sot täjiribesinde azamattardyñ jäne zañdy tülǵalardyñ ar-namysy men abyroiyn jäne iskerlik bedeldiligin qorǵau jöndegegi zañdylyqta qoldanu turaly Qazaqstan Respublikasy Joǵarǵy Sotynyñ normativtik qaulysy (1992) 18 jeltoqsan N 6. [Normative resolution of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan on the application of the law on the protection of honor, dignity and business reputation of citizens and legal entities in judicial practice] (In Kazakh) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S\\_\(In\\_Kazakh\)](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P92000006S_(In_Kazakh)).

Sternin I.A., Antonova L.G., Karpov D.L., SHamanova M.V. (2013) Osnovnye ponyatiya lingvokriminalisticheskoi ekspertizy: spravocnoe posobie. /Pod nauch. red. prof. I.A.Sternina. – YAroslavl', Izd-vo «Kancler». – 80 s. [Basic concepts of linguistic forensic examination: a reference guide] (In Russian).

Suleimenova E.D., Kadaşeva K.K., Akanova D.K. (2007) Grammatikalıq anyqtaǵyş. – Astana: Arman-PV – 240 b. [Grammar reference] (In Kazakh).

Toqtasyn Y. (2021) Almatyda käsıperkerlerdi qorqytyp, zañsyz aqşa jinap jürgen adam [A man who threatens businessmen and illegally collects money in Almaty] (In Kazakh). [https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=771235986815832&id=100017883137903](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=771235986815832&id=100017883137903)

Munirah, Sigit Apriyanto. A Forensic Linguistic Point of View of Implicational Conversations in a Police Interrogation: A Review. Talent Development & Excellence. Vol.12, No. 1, 2020, 3370 – 3384.

Mohsen Ghasemi Ariani, Fatemeh Sajedi, Mahin Sajedi. Forensic linguistics: A brief overview of the key elements. Procedia – Social and Behavioral Sciences 158 ( 2014 ) 222 – 225.

Peter Tiersma, Lawrence M. Solan. The Linguist on the Witness Stand: Forensic Linguistics in American Courts. Language. Vol. 78, No. 2 (Jun., 2002), pp. 221-239.

Umiyati, M. (2020). A Literature Review of Forensic Linguistics. IJFL (International Journal of Forensic Linguisti. 1(1). 23-29.